

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік Университеті

Шымкент медицина институты

Дипломнан кейінгі білім беру факультеті

Дәрігерлік қателік

Орындаған: Беханова Д.Ш.

Қабылдаған: Бектұрғанов Р.С.

Тобы: РНҚ -101

Шымкент-2016 жыл

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім:
 1. Дәрігерлік қателік
 2. Дәрігерлік қателіктер түрлері
 3. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қорытынды

- Пайдаланылған әдебиеттер

- *Дәрігерлік қателік немесе ятрогения* - (еж -грек дәрігер + еж.-грек.- туылу) - дәрігердің байқаусызда жасаған әрекеттерінің және сөзінің әсерінен науқас ағзасының нашарлауына әкелуі. 1925 жылы «Ятрогения» терминін неміс психиатрының Освальд Бумке жұмысында енгізілген *Der Arzt als Ursache seelischer Storungen* («Дәрігер жанның күйзелісінің себебі»), яғни заманауи термин ретінде «медицина жұмысының ақауы» делінген.



Дәрігерлік қателіктер түрлері:



диагностикалық – дұрыс диагноз қоймау немесе науқасты толық зерттемеу;



тактикалық қателіктер- операцияға көрсеткіштерді дұрыс анықтамау, операцияны өткізу уақытын дұрыс таңдай алмау, операция көлемін науқас жағдайына байланысты дұрыс анықтай алмау және т.б.



техникалық– медициналық техниканы дұрыс қолданбау, сәйкес келмейтін медикаменттерді қолдану



емдік-дұрыс емес ем әдісін қолдану және нәтижесін бағаламау



ұйымдастырушы – емдік үрдісті дұрыс ұйымдастырмау

Объективті дәрігерлік қателіктер:

- медициналық білімнің төмендігі
- науқас сырқатының атипті ағымы
- медициналық мекемелердің диагностикалық техникамен жабдықталуының түрлілігі

Себебіне байланысты
ятрогенияны 5 топқа бөледі:

Психогенді ятрогения

Дәрілік ятрогения
(ятрофармакогения):

Травматикалық
ятрогенилар.

Аралас (біріккен) іс
шаралар ятрогенилар

Инфекционды
ятрогениялар (ятрогенді
инфекциялар).

Дәрігерлік қателіктерге бірнеше анықтама беруге болады

- «Дәрігерлік қателіктер - кәсіптік қызметтегі қателік, байқаусыздағы қателік»
- «Дәрігерлік қателік - кәсіптік қызметтегі қателік, байқаусыздағы қателік, қылмыстық мақсаттағы емес қателік»
- «Дәрігерлік қателік - дәрігердің сырқатты дұрыс анықтамауы (диагностикалық қателік) немесе дұрыс емес дәрігердің әрекеттері (операция, дәрі тағайындау), дәрігердің байқаусыз қателігімен байланысты»
- «Дәрігерлік қателік - дәрігердің дұрыс емес әрекеті (немесе әрекет етпеуі), білімсіздік немесе білімін дұрыс қолданбау»

Төменде көрсетілген тізімдер бойынша ҚР қк-нің медицина қызметкерлерінің осы кәсіпқой қылмыскерліктері үшін қылмыстық жауапқа тартылады:

- байқаусыздық бойынша өлтіріп алу;
- дәрігерлік және фармацевтикалық қызметкерлердің кәсіби міндеттерінің лайықсыз орындауы;
- клиникалық зерттеулердің жаңа әдістер мен профилактика бойынша диагностика, емдеу және медициналық оңалтудың өткізілуіндегі қолдану ретін бұзу;
- ауру адамға көмек көрсетпеу;
- қауіпті жағдайда қалдыру;
- психиатриялық стационарға заңсыз жатқызу;
- адамдармен сауда;



- баланы ауыстырып жіберуі;
- бала асырап (қыз бала асырап алу) алудың жасырын сырдың ашылуы;
- дәрігерлік жасырын сырдың ашылуы;
- заңсыз сыйлық алу;
- есірткі заттардың заңсыз жасау, өңдеу, алу, сақтау, тасымалдау немесе өткізуі;
- заңсыз дәрігерлік немесе фармацевтикалық қызмет,
- рецепттердің заңсыз беруінемесе басқа құжаттардың жалғаны

12-тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

317-бап. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы

1. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сол сияқты медициналық көмек көрсету тәртібін немесе стандарттарын сақтамауы, егер бұл іс-әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекеттер

—

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Медицина жұмыскерінің, сол сияқты халыққа тұрмыстық немесе өзге де қызмет көрсету ұйымы жұмыскерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды тиісінше орындамауы, егер бұл іс-әрекет басқа адамға АИТВ/ЖИТС жұқтыруға әкеп соқса, –


белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

318-бап. Клиникалық зерттеулер жүргізу тәртібін және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзу

1. Медицина жұмыскерінің клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзуы –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған не ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет –



белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

319-бап. Заңсыз түсік жасау

1. Тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адамның түсік жасауы –

- екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, бірнеше рет жасалған іс-әрекет –

- төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Тиісті
бейіндегі
жоғары
медициналық
білімі бар
адамның
заңсыз түсік
жасауы –

- белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.


4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, бірнеше рет жасалған іс-әрекет –

• белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

5. Абайсызда жәбірленушінің өліміне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан заңсыз түсік жасау –


• белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

320-бап. Науқасқа көмек көрсетпеу



1. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, —

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.



2. Дәл сол іс-әрекет, егер ол абайсызда науқастың өліміне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

321-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету

1. Медицина жұмыскерінің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз адамның бойында АИТВ/ЖИТС бар екені туралы мәліметтерді хабарлау арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып,

үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Медицина жұмыскерінің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі, егер бұл іс-әрекет ауыр зардаптарға әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

өзгеше сағым медициналық және
фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе
психотроптық заттарды алуға құқық беретін
рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз
беру не қолдан жасау

1. Медициналық немесе фармацевтикалық қызметпен осы қызмет түріне сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ адамның айналысуы, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, –


белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.



2. Абайсызда
адамның денсаулығына
ауыр зиян келтіруге әкеп
соққан дәл сол іс-әрекет –




белгілі бір
лауазымдарды атқару
немесе белгілі бір
қызметпен айналысу
құқығынан үш жылға
дейінгі мерзімге айыра
отырып немесе онсыз, үш
мың айлық есептік
көрсеткішке дейінгі
мөлшерде айыппұл салуға
не сол мөлшерде түзеу
жұмыстарына не үш
жылға дейінгі мерзімге
бас бостандығын
шектеуге не сол мерзімге
бас бостандығынан
айыруға жазаланады.



3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекет –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекет –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.


5. Есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе

онсыз, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

323-бап. Жалған дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен немесе медициналық техникамен жұмыс істеу

1. Жалған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды немесе медициналық техниканы өткізу мақсатында өндіру, дайындау немесе сақтау, сол сияқты қолдану немесе өткізу, егер бұл ауыр зардаптарға әкеп соқса,



- мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.


2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер –



мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер –




мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ерекше бөлік

1-тарау. ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы ҚК-тің 114-бабы.

- 1) Медицина қызметкерлерінің өз кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан, оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл әрекет адам денсаулығына орташа зиян келтіруге әкеп соқса.
 - Айлық есептік көрсеткіштердің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімде бас бостандығына шектеуге жазаланады.





2) Денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соқтырған нақ сол әрекеттер -

- Үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден-бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салу, а не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекет, -

- үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, адам өліміне әкеп соқтырған әрекеттер, -

- үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4) Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекеттер,

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

Пайдаланылған әдебиеттер

- <http://densaulyk.zhambyl.kz/?action=contents&page=46&lan=kaz>
- <http://mapyourinfo.com>
- <http://med-kz.ucoz.com>
- http://kodeksy-kz.com/o_zdorove_naroda_i_sisteme_zdravoohraneniya.htm
- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
- <https://yadi.sk/d/Mv5s>

**Назарларыңызға
рахмет!!!**